

Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1998 жылғы 27 мамырдағы N 97

"Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 U983956_ Жарлығын орындау мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

- 1) бес жасқа дейінгі балалардың жаппай иммунитетін нығайтуға дереу кіріссін;
- 2) жаңа туған сәбилерге Б вирустық гепатитіне қарсы вакцина егу, ал дерттену мейлінше көп тараған аймақтарда - балаларға А вирустық гепатитіне қарсы вакцина егу бағдарламасын іске асыруға кіріссін;
- 3) 1998 жылдың ішінде туберкулезге шалдыққан науқастарды Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған әдістеме бойынша емдеу бағдарламасын енгізісін;
- 4) жаңа туған сәбилердің жыл сайын иммунитетін нығайтумен толық қамтылуын қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

5) тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-күніне қарай Қазақстан Республикасы Президентінің жоғарыда аталған Жарлығының іске асырылу барысы туралы Үкіметке хабарлап отыратын болсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ағымдағы жылы осы мақсаттарға қажетті қаржы қаражатын қарастырсын, ал 1999 жылдан бастап тиісті жылға арналған жыл сайынғы бюджеттердің жобаларында "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға арнап қажетті қаржы көздейтін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі, Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен 1998 жылдың 1 шілдесіне дейін:

- 1) өнеркәсіп орындарының атмосфера мен суға тасталатын қалдықтарының жол берілетін деңгейіне қойылатын талаптарды қатайтуды;
- 2) халықты ауызсумен жабдықтаудың дәйекті түрде жақсартылуын;
- 3) қоршаған орта мен азаматтардың денсаулығын сақтау жөніндегі жұмыстарды үйлестірудің жетілдірілуін;
- 4) Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған туберкулезді емдеу стратегиясының енгізілуі мен іске асырылуын;
- 5) бес жасқа дейінгі балалардың міндетті түрде иммунитетін нығайтуды, оның ішінде жаңа туған сәбилерге Б гепатитіне қарсы жаппай вакцина егуді;

- 6) ана мен баланың денсаулығын қорғау жөніндегі қосымша шаралар кешенін;
7) бөбектерді алты айға дейін тек емшек сүтімен ғана қоректендіруге
ы н т а л а н д ы р у д ы ;
8) өмір салтын сауықтыруға бағытталған ағарту жұмысын күшейтуді;
9) бастапқы дәрігерлік-санитарлық көмек сапасын жақсартуды;
10) аймақтық клиникалық оқу орталықтары желісін құруды;
11) емдеудің стационарлық принципінен амбулаторлық принциптеріне
к е з е ң - к е з е ң м е н к ө ш у д і ;
12) емдеу-профилактикалық мекемелерінде, әсіресе босануға жәрдем беру
мекемелерінде асептика мен антисептика шараларының бұлжымай сақталуын;
13) мемлекеттік емдеу-профилактикалық мекемелерін қазіргі заманғы жабдықпен
қ а м т а м а с ы з е т у д і ;
14) дәрігерлік білім беру, кадрларды, соның ішінде әкімшілік кадрларын даярлау
және қайта даярлау жүйесін жақсартуды;
15) денсаулық сақтау саласында ғылыми зерттеулер көлемін ұлғайту мен оның
с а п а с ы н а р т т ы р у д ы ;
16) халық арасында алдын-алу жұмысын күшейтуді;
17) денсаулық сақтау ісін басқару жүйесін жетілдіруді;
18) бәсекелес жеке сектор құру, әлеуметтік сақтандыру қорын қайта құру,
міндетті және ерікті медициналық сақтандырудың жеке нысандарына кезең-кезеңмен
көшу жолымен денсаулық сақтау ісінде экономикалық қатынастар жүйесін
реформалауды көздейтін "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасын әзірлеп,
Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне енгізетін болсын.
4. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі халық
арасында профилактика және денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі қажетті
шаралар туралы кең ауқымды түсіндіру жұмыстарын, санитарлық-гигиеналық
ережелерді және салауатты өмір салтын насихаттауды дереу бастасын және жүргізсін.

П р е м ь е р - М и н и с т р